

өзгерістерге ұшырайды және олардың заманауи талаптарына сай ең алдымен сапаға мән берілуін қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қ.К.Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң және тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы: Егемен Қазақстан / 3 қыркүйек, 2024ж.
2. А.Нүкенов Жергілікті басқаруды жетілдіру. Саясат, 2023ж. №7
3. Атаманчук Г.В. Теория государственного управления. Курс лекций. – М.: Омега-Л, 2015.

Жасыл экономика: болашаққа апарар жол

А.О. Мусабекова¹, Т.А.Мұрат²

¹Менеджмент кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м.

²«Менеджмент» мамандығы бойынша 1 курс студенті
tolganay5612@gmail.com

^{1,2}Бөкетов университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Қазіргі таңда әлем елдері экологиялық тұрақтылықты сақтай отырып, экономикалық дамуды қамтамасыз ету мәселесіне бет бұруда. Көптеген сарапшылар жасыл экономиканы болашақ ұрпақ үшін қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастырудың маңызды жолы деп санайды. Жасыл экономика – бұл қоршаған ортаға зиян келтірмей, табиғи ресурстарды тиімді пайдаланып, экономиканы тұрақты дамытуға бағытталған экономика түрі. Жасыл экономикаға көшу болашақ ұрпақ үшін тұрақты даму жолын қамтамасыз етіп, қоршаған ортаға ұқыпты қараудың негізгі бағытын көрсетеді.

Кілті сөздер: жасыл экономика, экология, инвестор, стратегия, инфрақұрылым, технология.

Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасы Қазақстан халқының әл-ауқатын, өмір сүру сапасын арттыру және елдің әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіруі арқылы қоршаған ортаға түсетін жүктеме мен табиғи ресурстардың тозуын барынша азайта отырып, жаңа тұрпаттағы экономикаға көшу мақсатында терең жүйелі жаңартулар үшін негіз қалайды [1].

Осыған байланысты, «жасыл экономика» стратегиясын жүзеге асыру процесін ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан қарастыру керек, яғни кез келген кеңеюден қорғануды қамтамасыз ете отырып, халықтың экологиялық мәдениетін арттыру және әл-ауқатын жақсарту. «Жасыл экономика» – экономикалық ғылымның соңғы екі онжылдықта қалыптасқан бағыты. Сонымен қатар, үш негізгі қағида әзірленген:

- 1) кеңістіктегі ықпал аясын шексіз кеңейту мүмкін емес;
- 2) ресурстардың шектеулі жағдайында адамзаттың шексіз өсіп жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкін емес;
- 3) Жер бетіндегі барлық нәрсе бір-бірімен байланысқан және өзара тәуелді.

«Жасыл экономика» басты мақсаты – қазіргі таңда сарқылатын ресурстардың (минералдар – мұнай, газ, руда және т.б.) тұтынуын азайту және оларды рационалды пайдалану. Сонымен қатар, энергия үнемдеу мен энергия тиімділігі «жасыл экономика» үшін тек негізгі факторлар емес. Шын мәнінде, «жасыл» энергетиканың дамуының негізгі факторлары энергия үнемдеу мен энергия тиімділігімен қатар, жаңартылатын энергия, қалдықтарды азайту, қайта пайдалану және өңдеу, сондай-ақ ауыл шаруашылығында экологиялық таза басқару әдістерін қолдану болып табылады [2].

«Жасыл» экономикаға көшу Қазақстанға 2050 жылға дейін әлемнің 30 ең дамыған елдерінің қатарына кіру мақсатында даму жолында жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді. Бұл табыстың көп жағдайда елдің табиғи ресурстарға тәуелділігін жеңіп, тұрақты экономикалық өсімге көшу қабілетіне байланысты болатыны сөзсіз. Концепцияны тиімді жүзеге асыру табиғи капиталдан адами капиталға жүктемені ауыстыруға мүмкіндік беріп, осылайша ғылым мен технологияға негізделген, экологиялық таза технологиялардың дамуына серпін береді. Бұл елдің ЕХРО-2017 көрмесін сәтті өткізуге деген ұмтылыстарымен де үйлеседі. Осы бастаманың табысты болуының кілті — заманауи технологияларды қолдану, сондай-ақ заңнамалық реформаларды жүргізу, мәліметтерді мониторингтеу және әлеуетті арттыру, бұл «жасыл» экономика мақсаттарын қолдап, оған дұрыс көзқарас қалыптастырады [3].

Концепцияны әзірлеу барысында жүргізілген зерттеулер әлемдік қоғамдық игіліктерді басқару және трансшекаралық мәселелерді шешуде халықаралық деңгейде үйлесімді әрекет ету қажеттілігін көрсетті. Осыған орай, халықаралық қолдау көрсету тобы құрылып, ол көптеген маңызды «жасыл» өсім мәселелері бойынша жұмыс істейтін халықаралық ұйымдардың жетекші техникалық мамандары арасындағы ынтымақтастық желісі ретінде қызмет етеді. Сарапшылар елдің «жасыл» экономикаға көшуін жүзеге асыру үшін қажетті ынталандырулар мен механизмдерді жасауға өз тәжірибесін енгізеді.

Қазіргі таңда Еуропа мен Орталық Азия аймақтары әлемдегі ең энергия сыйымды өңірлердің бірі болып қала береді, мұнда өндірілген бірлік өнімге орташа есеппен 50%-ға көп энергия жұмсалады. Қазақстанда өнеркәсіп секторы жалпы электр энергиясын тұтынудың шамамен 62%-ын және жалпы жылу тұтынудың 43%-ын құрайды. Ел экономикасының энергия сыйымдылығы да әлемдік орташа деңгейден жоғары [3]. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз халқының атына «Қазақстан жолы – 2050: Біртұтас мақсат, біртұтас мүдде, біртұтас болашақ» атты Жолдауында республика дамуының 2050 жылға дейінгі кезеңіне арналған ауқымды мақсаттарды айқындап берді. Сонымен қатар, оның жаңа «Қазақстан-2050» Стратегиясында белгіленген стратегиялық міндеттердің бұрынғы Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму бағдарламасы аясындағы басым тапсырмалар сияқты мерзімінен бұрын орындалатынына күмән жоқ. Жаңа Қазақстан стратегиясына мұқият қарап, бұл бағдарламалық құжаттың ғылыми-практикалық тұрғыдан толық жетілдірілгенін және халықаралық «жасыл экономика» енгізу концепциясына барынша сәйкес келетінін байқауға болады. Бұл дегеніміз, 2050 жылға қарай Қазақстан экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен табиғатты қорғау жүйесі оңтайлы теңдестірілген елге айналады [1].

"Жасыл экономикаға" көшудің 2050 жылға дейінгі мақсаттары бойынша ұзақ мерзімді секторлық индикаторлар 1-кестеде берілген [1].

1-кесте "Жасыл экономиканың" мақсаттары мен нысаналы индикаторлары:

Сектор	Мақсаттың сипаты	Ағымдағы деңгейі	2030 ж.	2040 ж.	2050 ж.
Су ресурстары	Жер үсті суларының сапасы жақсы су айдындарының үлесі	30% (2021 ж.)	35%	50%	70%
	Су үнемдеу технологиялары енгізілетін суармалы жерлердің ауданы	279 мың га (2022 ж.)	1040 мың га	1800 мың га	2300 мың га
	Антропогендік ағынды суларды тазарту	28,55% (2018 ж.)	45%	65%	100%
Ауыл шаруашылығы	Бидайдың шығымдылығы	12,8 ц/га (2021 ж.)	20 ц/га	23 ц/га	25 ц/га
	Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттыру	2022 жылы 4 608,2 мың теңге/адамға	2020 жылмен салыстырғанда 3 есе	2030 жылмен салыстырғанда 3 есе	2040 жылмен салыстырғанда 3 есе
	Органикалық өнім өндіруге сертифициталған ауыл шаруашылығы жерінің ауданы	2022 жылы 114 мың га	150 мың га	200 мың га	300 мың га
Ауыл шаруашылығы	Бидайдың шығымдылығы	12,8 ц/га (2021 ж.)	20 ц/га	23 ц/га	25 ц/га
	Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттыру	2022 жылы 4 608,2 мың теңге/адамға	2020 жылмен салыстырғанда 3 есе	2030 жылмен салыстырғанда 3 есе	2040 жылмен салыстырғанда 3 есе

			тырғанда 3 есе		
	Органикалық өнім өндіруге сертификатталған ауыл шаруашылығы жерінің ауданы	2022 жылы 114 мың га	150 мың га	200 мың га	300 мың га
Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру	ЖІӨ-нің энергияны қажетсінуін төмендету	2021 жылғы деңгейден	15%	25%	35%
Электр энергетикасы	Жаңартылатын және баламалы энергия көздерінің үлесі (жалпы электр энергиясын өндіруден)	4,53% (2022 ж.)	15%	30%	50%
	Көмірді жағу негізінде электр генерациясынан бас тарту немесе оны КТС технологияларымен міндетті түрде сүйемелдеу	*осындай технологиялар бар болса	0%	50%*	80%*
Электр энергетикасы	Жаңартылатын және баламалы энергия көздерінің үлесі (жалпы электр энергиясын өндіруден)	4,53% (2022 ж.)	15%	30%	50%
	Көмірді жағу негізінде электр генерациясынан бас тарту немесе оны КТС технологияларымен міндетті түрде сүйемелдеу	*осындай технологиялар бар болса	0%	50%*	80%*
Электр энергетикасы	Жаңартылатын және баламалы энергия көздерінің үлесі (жалпы электр энергиясын өндіруден)	4,53% (2022 ж.)	15%	30%	50%
	Көмірді жағу негізінде электр генерациясынан бас тарту немесе оны КТС технологияларымен міндетті түрде сүйемелдеу	*осындай технологиялар бар болса	0%	50%*	80%*
Электр энергетикасы	Жаңартылатын және баламалы энергия көздерінің үлесі (жалпы электр энергиясын өндіруден)	4,53% (2022 ж.)	15%	30%	50%
	Көмірді жағу негізінде электр генерациясынан бас тарту немесе оны КТС технологияларымен міндетті түрде сүйемелдеу	*осындай технологиялар бар болса	0%	50%*	80%*
Ауаның ластануын азайту	Байқаулар жүргізілетін елді мекендердегі атмосфералық ауада диаметрі 2,5 микроннан кем өлшенген бөлшектердің (PM2,5) орташа жылдық шоғырлануы (мг/м ³)	0,04 мг/м ³ (2021 ж.)	0,0251	0,0153	0,0103
	Атмосфералық ауаның ластану деңгейі жоғары елді мекендер санының азаюы	22 (2022 ж.)	10	5	0
	"ТОП-50" ірі кәсіпорындарының стационарлық көздерінен атмосфералық ауаға шығатын қатты ластаушы заттар шығарындыларының нормативтік көлемдерін қысқарту	2022 жылғы деңгейден	10%	25%	35%
Қалдықтарды басқару	Халықты коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару бойынша көрсетілетін қызметтермен камтамасыз ету (%)	82% (2022 ж.)	90%	100%	100%
	Қалдықтардың түзілген жалпы мөлшерінен коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі	25,4% (2022 ж.)	40%	50%	60%
	Қалдықтардың түзілген жалпы мөлшерінен өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі ** - 2021 жылғы 1 қаңтар күні қоршаған ортаға ластаушы заттардың жиынтық шығарындылары бойынша неғұрлым ірі I санаттағы елу объектіге қатысты	40%** (2022 ж.)	50%**	55%**	60%**
	Экологиялық талаптар мен санитариялық нормаларға сәйкес келетін ТҚК полигондарының үлесі	21% (2022 ж.)	50%	95%	100%
	Экожүйелерді сақтау және тиімді басқару	Қорғалатын табиғи учаскелердің биоәртүрлілік үшін маңызды үлесі, Қазақстан аумағының ауданынан %	10,77% (2022 ж.)	11,5%	13,5%
Халықтың және бизнестің экологиялық мәдениетін қалыптастыру	Ресурстарды ұтымды пайдалану туралы есептерді (ESG) жариялайтын "ТОП-50" компаниялардың үлесі	5% (2023 ж.)	20%	50%	100%
	Су ресурстарын басқару жөніндегі бассейндік кеңестер құрамындағы жұртшылық өкілдерінің үлесі	2% (2022 ж.)	5%	10%	20%
"Жасыл" қаржыландыру	Банк секторының портфеліндегі "жасыл" кредиттердің үлесі	3,17% (2023 ж.)	7,5%	15,5%	20,5%

Қор биржасының ресми тізімінің құрылымындағы "жасыл" облигациялардың үлесі	2,27% (2023 ж.)	4%	6%	8%
--	-----------------	----	----	----

Мақсатты индикаторлар арқылы елдің табиғи ресурстарын сақтау, экологиялық таза өндірістерді дамыту, және климаттық өзгерістерге қарсы күресу стратегияларын іске асыру көзделеді. Мысалы, көміртек шығарындыларын азайту, суды үнемді пайдалану, орман алқаптарын қалпына келтіру және биоалуантүрлілікті қорғау.

Ел алдында тұрған "жасыл экономикаға" көшу жөніндегі негізгі басым міндеттер:

1) ресурстарды (су, жер, биологиялық және басқа) пайдалану мен оларды басқару тиімділігін көтеру;


2) қолда бар инфрақұрылымды жаңғыртып, жаңаларын салу;

3) қоршаған ортаға қысымды жұмсартудың рентабельдік жолы арқылы халықтың әлауқаты мен қоршаған ортаның сапасын көтеру;

4) ұлттық қауіпсіздікті, соның ішінде су қауіпсіздігін көтеру болып табылады [1].

«Жасыл өсімге» көшу үшін билік органдарының, ұлттық және халықаралық инвесторлардың және қоғамның бірлескен күш-жігерін тиімді үйлестіру қажет. Нәтижесінде мемлекеттік саясаттың бірлескен жүзеге асуы динамикалық және тұрақты экономикалық өсімге әкеледі, ол экономикалық және экологиялық қолайсыз өзгерістерге төзімді болады.

Қазіргі сәттен бастап 2050 жылға дейін тұжырымдаманы іске асыру үшін қажетті қосымша инвестициялардың жиынтық мөлшері жыл сайын орта есеппен 15 млрд АҚШ долларын құрайды. 2041-2045 жылдар аралығындағы кезеңде инвестициялардың ең жоғары жыл сайынғы көлемі ЖІӨ-нің 6,2 %-ына тең болады, ал 2050 жылға дейін инвестициялар орта есеппен ЖІӨ-нің 4,4 %-ына жуық болмақ (1-сурет). Бұл ретте инвестициялардың қомақты үлесі жеке инвесторлардың қаражаты есебінен тартылатын болады [1].



Сурет 1. ЖІӨ-ге қатысты %-бен инвестицияларға қажеттілік

Е с к е р т у - автор [1] дереккөз бойынша

Қорытындылай келе, «жасыл» экономиканың осы заманғы экономикалық жүйелерді тұрақтандыруға, қорларды тиімді қолдану арқылы адамның және табиғаттың арақатынасын теңгеруге мүмкіндігі көп. Кедейшілік деңгейін төмендету, халықтың денсаулығы көрсеткішін арттыру, қоршаған ортаны жақсарту арқылы «жасыл» экономика адам капиталының сапасын көтеріп Қазақстанның ХХІ ғасырда экономикалық және әлеуметтік тиімділігін, табысын тұрақтандырады және әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіру жөніндегі мақсатқа қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. (2013). "Қазақстан Республикасының «Жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасы". Астана.

2. Укрепляя сотрудничество на пути к «зеленому» росту //http://www.eco.gov.kz/new2012/2014/01/page/4/

3. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар. «Қазақстан жолы – 2050: Біртұтас мақсат, біртұтас мүдде, біртұтас болашақ» // strategy2050.kz.

Цифрлық платформалардың экономикаға әсері

А.С.Муқанова ¹, М.М.Хасенова ²

¹ «Менеджмент» кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м.

² «Менеджмент» мамандығы бойынша 4 курс студенті
as_ardashka_89@mail.ru makpalmusrepovna@gmail.com

^{1,2} Бөкетов университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Онлайн платформалар тез арада экономика мен қоғам үшін ерекше маңызды құбылысқа айналды. Олар тұтынушыларға және бизнеске айтарлықтай артықшылықтар әкелді, мысалы, оларға көбірек адамдармен, сауда серіктестерімен және клиенттермен тиімдірек байланысуға және мемлекеттік қызметтерді көрсетуге көмектесу. Бұл шолу Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымын (ЭЫДҰ) қарастырады және цифрлық платформалардың сипаттамаларын және олардың экономикаға, қоғамға және саясатқа әсерін талқылайды, сондай-ақ еңбек нарығын реттеу, салық салу және құпиялылықты қамтамасыз ету мәселелерін қарастырады.

Кілт сөздер: онлайн-платформалар; цифрландыру; сандық платформалардың әсері.

Цифрлық платформалардың экономикаға әсері Сандық платформалар ұйымның бизнес үлгісіндегі өзгерістерге әсер етеді. Ұйымның бизнес-модельіндегі заманауи трансформациялар басшылар мен менеджерлерден мұндай өзгерістердің қажеттілігін толық түсінуді талап етеді. Тақырып Қазақстанда да, бүкіл әлемде де өзекті. Бірақ басқа дамыған елдерде оны жүзеге асыру шаралары бұрыннан басталған болса, Қазақстанда бұл салыстырмалы түрде жақында ғана қолға алынды. Бұл осы тақырыпты зерттеуді және осы сияқты еңбектерде оның әртүрлі аспектілерін қамтуды қажет етеді.

Цифрлық экономиканың маңызды қозғаушы күші заманауи цифрлық платформалар болып табылады. Олар қарапайым пайдаланушыларға да, компаниялар мен ұйымдарға да мүмкіндік береді өз қызметін әртүрлі салаларда жүзеге асырады: бизнес, коммерциялық емес сектор, байланыс, мәліметтермен алмасу және т.б. Онлайн платформалар біздің күнделікті өміріміздің бір бөлігіне айналды, біз оларға жеке және кәсіби түрде тәуелді болдық. Онлайн платформаларды пайдалана отырып, біз тауарлар мен қызметтерді сатып аламыз және сатамыз, ақпарат табамыз және бір-бірімізбен байланыста боламыз. Біз оларды іздеу үшін пайдаланамыз: ойын-сауық, жаңалықтар, көлік, тұрғын үй, жұмыс және қызметкерлер, қосымшалар және көптеген басқа мақсаттар. Цифрлық платформалар әртүрлі тараптарға мүмкіндік беретін құралға айналды желіде өзара әрекеттесу. Платформалық бизнес деректерге негізделген экономикада айтарлықтай артықшылықтарға ие. Делдалдар ретінде әрекет ете отырып, олар платформа пайдаланушылары арасындағы онлайн әрекеттер мен транзакцияларға қатысты барлық деректерді жазып алу және алу мүмкіндіктеріне ие.

COVID-19 пандемиясы цифрлық платформалардың заманауи экономикаға әсерін арттырды. Бұл тауарды жеткізу бизнесінің дамуына серпін берді. Искерлік және жеке қарым-қатынас дерлік желіге көшті. Сандық платформалар экономикалық белсенділік үшін мүмкіндіктер берді. Бұл шолуда Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымдары қарастырылады (ЭЫДҰ). ЭЫДҰ-ның цифрлық платформаларды зерттеуге шақыруына 2016 жылғы Канкун цифрлық министрлік декларациясы түрткі болды, онда министрлер өндірісте, тұтынуға және ынтымақтастықта инновацияларды дамыту үшін онлайн платформалар